

ӘОЖ 81'36

ҚАЗАҚ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚОЛӨНЕР ЛЕКСИКАСЫ

Қартбаева Ұлболсын Сәкенқызы

kartbaeva.98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

2304

Қазақ қолөнері ана тіліміздің лексикасында ерекше маңызға ие, тарихи де, мәдени де мәні зор құнды саласы болып саналады. Дана халқымыздың бұл қазынасы туралы тіл білімі саласында біраз дүниелер зерттелді, әлі күнге дейін зерттеуді талап ететін өзекті дүниелер де аз емес. Десе де, қазақ қолөнері лексикасының, әсіресе зергерлік, ершілік және терімшілік кәсібі туралы бірен-саран ғылыми еңбектер мен газет беттерінде, оқулықтарда, зертеулерде жарық көрген кішігірім мақалалар көлемінде ғана тиіп-қашты сөз болғанын айтпағанда, күні бүгінге дейін арнайы әрі нақты этнолингвистикалық зерттеудің бола қоймағанын байқаймыз. Сондықтан бұл тақырып зерттеуге зәрулілігі тұрғысынан өте қажетті жұмыс деп есептеймін.

Қолөнер ұғымдары - белгілі бір шаруашылық түрлерін қажетті құрал-саймандармен жабдықтауға, тіршілік қажеттілігін өтеуге байланысты адам санасының дәуірлік тарихи жемісі.

Қолөнерге байланысты мол лексиканы этномәдени ерекшелігімізді жан-жақты танытатын терең рухани философиялық ой түйіні бар ұлтымыздың рухани дүниетанымдық шығармашылығы негізінде қалыптасқан қол еңбегінің нәтижесі деуге болады.

Тіл ғылымында қолөнер лексикасы мен кәсіби лексика бір-бірімен сабақтас ұғымдар. Кәсіби лексика белгілі бір шаруашылық түріне ғана байланысты қолданылатын сөздер. Олар негізінен сол кәсіппен айналысатындар үшін ғана түсінікті болатыны белгілі. Ал қолөнер лексикасы да осы кәсіптің ішінен жіктелген материалдық лексиканың құрамдас бөлігінің бірі ретінде ұлт дүниетанымында қатталған атаулар жиынтығы. Екеуіне де ортақ нәрсе – еңбек ету, еңбектің қандай да бір түріне бейімделу, машықтану. Осыған орай этнографиялық зерттеулерде бұл ұғымдар іштей **ұсталық өнер, етікшілік өнер, тігіншілік өнер, үйшілік өнері, ершілік өнері** сияқты түрлерге жіктеліп қолданылып жүр.

«Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысындағы алпысыншы жылдардың ортасында пайда болды. Бұған дейін ол халықтың қарапайым түсінігінде, «қолөнер» ұғымының аясында қабылданып, пайдаланылып келді. «Сәндік-қолданбалы өнер», «қолөнерінің» өңделіп жетілген формасы іспеттес болғандықтан, екеуін бір-бірінен бөлектеп қарауға болмайды, керісінше, олар бірін-бірі мазмұндық тұрғыда толықтыра түседі. Оны «қол өнер», «сәндік-қолданбалы өнер» ұғымдарына берілген анықтама-түсініктер дәлелдейді. Біз ғылыми еңбектерде осы ұғымдарға берілген анықтамаларды жүйеге келтіреміз және сәндік қолданбалы өнер, өзінің бастауын қолөнерден алады, қолөнер туындыларының ою-өрнекпен әшекейленуі сәндік-қолданбалы өнердің пайда болуына себеп болады деп ой түйіндейміз.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің технологиялық мүмкіндіктерінің жіктемесі

Көркемдік-бұйымды жасауда қолданылатын материалына қарай: ағаштан, металдан, сүйектен, мүйізден, тастан, керамикадан, шыныдан, теріден, тоқыма жіптен, матадан, былғырыдан жасалатын көркемдік бұйымдар және т.б.

Көркемдік бұйымның қолданылуына қарай: күнделікті тұтынатын бұйымдар (ыдыс, кесетін тақтай, асхана жиынтығы, жиһаз және т.б.) Сәндік бұйымдар (кілем, алаша, басқұрлар, текемет, сырмақ, әйелдер, ерлер киімдері және т.б.). Әшекей заттар (сырға, жүзік, білезік, алқа және т.б.) және сыйлық заттар (төс белгілер, шақша және т.б.)

Көркемдік бұйымды дайындау әдісіне қарай: құйма, шекіме, дәнекерлеу, ойылған, ағаш ұқсату, темір ұсату, бізбен тоқу, өру, тоқу, кестелеу, үрлеу, басылу, күйдіру, балқыту, металды иіп өрнектеу, өрмек тоқу, ши орау, сымақ сыру, шілтер шалу, жүн сабау, арқан есу және т.б.

Көркемдік бұйымның әшекейленуіне қарай: бедерлеу, бетін өрнектеу, ойма-нақышты, бастырмалау, шекімелі, күйдірілген, жазба, егелген және т.б.

Көркемдік бұйымның мағынасына қарай: ертегі мен батырлар жырына тарихи оқиғалар мен қазіргі шындыққа негізделген көріністер; өсімдік және жануарлар әлемін бейнелетін көріністер; ою-өрнек түрлерінің сипаты

Этнографиялық еңбектерде қолөнер бұйымдарын кәсіп тұрғысынан баяндау барысында шаруашылық кәсіптен өзгешелігі ретінде оның белгілі бір шикізатты, материалды өңдеуге байланысты қалыптасқандығы, өңдеудің шығармашылықпен орындалғандығы, соның нәтижесінде бұйымдар қарапайым ғана емес, көркем, әдемі болып шығатындығы, олардың эстетикалық, әлеуметтік жіктеу қызметін атқарғандығы, шеберлердің тапсырыспен жұмыс істейтіндігі, қолөнер бұйымдарында кәсіп, шаруашылық түрлерінің (аңшылық, малшылық, диқаншылық), қоршаған ортаның бейнелетіндігі, олардың мұрагерлік сипаты, символдық мәні т.б. мәселелер сөз етіледі. Бұл айтылғандар қолөнердің экстралингвистикалық белгілерін, яғни басқа кәсіптерден өзгешелігін көрсетеді.

Қолөнер туындылары этносты шаруашылық құралдарымен, баспанамен, киім-кешекпен, тұрмыстық бұйымдармен, қару-жарақпен қамтамасыз етумен бірге оның рухани дамуына да әсерін тигізді. Жалпыхалықтық атаулардың денін тектік атаулар құрайды. Олар: *үй, арба, киім, көйлек, шаңырақ, балға, қысқаш, мата, тері, көн, қамшы, ер, жүген, ноқта, соқа, қылыш, садақ, қын, сандық, жүкаяқ, аяққап, қоржын, кілем, киіз, алаша, білезік т.б.*

Осылардың ішінде *ер-тоқым ұғымына* тоқталсақ, мұнда семантикалық өрістің ішінде қаншама қазақтың этномәдени дүниетанымдық ақпараты мен аталымы жатқанынына көз жеткізе аламыз.

Жылқы қазақ этномәдениетіндегі көшпелі өмір салтында негізгі көлік құралы болғаны айқын. Көшпелі халықтар өмірі үнемі “ат үстінде өткендіктен” атқа міну үшін, оны басқару үшін ат жабдықтарын рухани шығармашылықпен қалыптастырғаны белгілі. Көшпелі тұрмыстағы мал бағу, аң қуу, жорық, шабуыл т.б. ат үстіндегі қимыл-әрекеттің барлығының толық іске асуы *ер тоқымның, ат жабдығының* арқасында ғана мүмкін болған.

Мінетін көлікті (атты) ердің барлық құрамдас бөліктерімен қамтамасыз етуді жабдықтау деп атайды, ал оның құрамдас бөліктері тұтастай алғанда ер-тұрман, ер-тұрман жабдықтары, ат жабдығы, ат әбзелдері, әбзел, ат-тұрман, ат сайман, ер-тоқым жиынтығын жасау *ершілік өнер* деп аталады. Этнограф- зерттеуші Х.Арғынбаев қазақ жеріне тараған ер-тұрманның сан алуан түрлерін анықтаумен бірге, олардың жасалу технологиясындағы ерекшеліктерді нақтылы деректер негізінде дәлелдеп, ол өзгешеліктердің қалыптасу себебі мен оның халық арасына таралу мөлшерін әлеуметтік-экономикалық қатынастармен байланыстыра отырып талдайды [Х. Арғынбаев, 19-34 бб.]. Сөйтіп ершілер өнерінде де жергілікті өзгешеліктердің бар екенін, ол ерекшеліктер Қазақстанның әр өңіріне тән ер түрлерінің жасалу тәсіліне, сыртқы кескініне, қандай ағаш түрлерінен жасалатындығына және көркемделуіне тікелей байланысты екенін атап көрсетеді. Бұған мысал ретінде Қазақстанның оңтүстігінде, негізінен, *құранды ер*, батысында *қозықұйрық ер*, солтүстігінде, орталығында, шығысы мен оңтүстік-шығысында қазақ ерлерінің әр түрі жасалғандығын келтіреді.

Өңдеуге байланысты атаулар шеберлердің қандай материалмен жұмыс істеуіне орай қалыптасқан. Мысалы: алтынды қолдануына байланысты – алтындау, алтын шабу, алтынмен аптау, алтын жалату; күміспен жұмыс істеуіне байланысты – күміс жабу, күміс шабу, күмістеу, күмбез қағу, күміс қаптау, қақтау; ағашпен жұмыс істеуіне байланысты – сүргілеу, қию, кесу, шабу, қырнау, сүргілеу, тоздау, ағашты тұзды суға қайнату, желімдеу, құрау, қосу, шегелеу, тесу, бояу; теріден өңделген материалмен жұмыс түріне қатысты – көндеу, көктеу, қаю, қайып тігу, сыру, сыдыру, сіңірлеу, шашақтау, өру т.б.

Ер ұғымына байланысты номинациялық аталымдар олардың сыртқы көрінісіне, әшекейлену тәсіліне, кімдерге арналғандығына, этникалық ерекшеліктеріне, жасалу материалдарына орай қалыптасса керек. Мәселен, **ердің сыртқы көрінісіне байланысты** (*қазықбас ер, шошақ бас ер, үйрек бас ер, қозықұйрық ер, ашамай*), **шекейленуіне, жабдықталуына байланысты** (*алтын ер // алтынды ер, жаппай күміс ер, күміс бас ер,*

күміс тұрман, күміс шытыралы ер-тоқым), әдістеріне, өңдеу тәсілдеріне байланысты (былғары ер, бітеу ер, көк бас ер, тоздалған ер, көнделген ер), этникалық ерекшеліктеріне байланысты ер түрлері (адай ері, алтай ер, арғын ері, найман ері, дулат ері, қызай ері, бежін ер, қазақ ері, қалмақы ер, өзбек ері, қоқан ері, қырым ері, орыс ері т.б.) , материалына байланысты қалыптасқан ер атаулары: (ағаш ер, ақ бас ер, былғары ер, темір ер)

Ердің жоғарыдағы түрлерінен басқа да мынадай атаулары қолданылады: айыр ер (жауыр атқа салатын ер), арбагер (ыңыршақ, бұл атау арба және егер сөздерінің бірігуінен жасалған), мұны кей жерде арба ер деп айтады, ашақ (аттың жабуы түспеу үшін қолданылатын темір ер), ашамай – жалғыз өркешті қоспақ өркешті түйелердің өркештеріне жүк салмағы түспеу үшін ағаштан жасалған ыңыршақ сияқты әбзел. “Нарға – ашамай, қоспаққа – жазы”, “Нар сәулеті – ашамай”, “Ашамай нарға жарасар, Ақ түйе барға жарасар”, “Бала ханнан үлкен, ашамай нардан үлкен” секілді мақалдар ашамайдың осы түріне байланысты туындаса керек.

Ал зергерлік өнер лексикасына үңілер болсақ, зергерлік бұйым атауларының да этнолингвистикалық сипатқа ие екеніне көз жеткіземіз. Этнолингвист зерттеуші Р.Н. Шойбеков “Қазақ тіліндегі зергерлік өнерінің лексикасы” атты кандидаттық диссертациясында зергерлік өнерге байланысты атауларды төмендегідей тақырыптық топтарға бөліп қарастырады:

- 1) зергерлік әшекей атаулары;
- 2) әшекейленген тұрмыстық бұйым атаулары;
- 3) зергерлік бұйымдардағы ою-өрнек атаулары;
- 4) зергерлік өнерінде қолданылатын құрал-сайман атаулары;
- 5) зергерлік әшекейлер жасауға қажетті материал атаулары;
- 6) зергерлік өнерінде қолданылатын өңдеу, әдіс-тәсіл атаулары.

Бұл зерттеу жұмыста зергерлік өнерге байланысты атаулардың жасалуындағы лексика-грамматикалық үлгілері, уәж, уәжділік мәселелері, түркі тілдеріне тән ортақ атаулар мен кірме сөздер жан-жақты талдауға түседі [Р. Шойбеков, 15 б.]. Ата-бабаларымыз зергерлік бұйымдарға ат қойып, айдар таққанда олардың негізгі мәнді белгілеріне баса назар аударса керек. Бұл тіл ғылымында номинация, уәждеме теорияларымен байланысты жүзеге асады. Номинация актісінде негізгі үш тірек ұғым жұмсалады: ат беруші, таңбаланушы, таңбалаушы. Осылардың нәтижесінде өзімізді қоршаған әлемдегі заттар мен нәрселерді, құбылыстарды білдіретін көптеген атаулар пайда болады. Яғни кез келген ат қою шығармашылығы номинацияның себебін, дәлелін, уәжін болжайды [Ж. Манкеева, 78 б.]

Дәлел ретінде «алтын» сөзін алып қарасақ, бұл сөздің бірсыпыра түркі тілдерінде бір ғана металл мағынасында, кейбір тілдерде металл; ақша, пұл және оқа мағынасында қолданылғанын байқаймыз. Мысалы: қырғыз тілінде алтын– қызғыш сары түсті металл, өзбек тілінде олтин – сарғыш қызыл түсті қымбат бағалы металл; башқұрт тілінде алтын сөзі металл; бұйым; теңге; оқа (зер), якут тілінде алтын – мыс, мысты (медь, медный; Якутско-русский словарь) мағынасында қолданылады. Алтын сөзінің шығу төркініне байланысты кезінде Д.Н. Ушаков, В.А. Богородицкий, М. Фасмер, В.И. Цинциус пен Т.Г.Бугаева т.б. ғалымдар пікір айтқан. Бір топ ғалымдар сөз төркінін алты (сан есім) сөзімен, бір тобы алты тиін сөзімен, бір тобы татар тілінің теңге мағынасындағы алтун сөзімен байланыстырады. Жалпы алтын атауы сол металдың түсіне байланысты қалыптасқан болуы керек.

Таза алтыннан жасалған зергерлік бұйым атауларына мыналарды жатқызуға болады: алтын сырға, алтын таж, алтын қоңырау, алтын зер, алтын қапсырма, алтын сақина, алтын жүзік, алтын алқа, алтын білезік, алтын тұмар т. б.

Зергерлік бұйымдарының ішінде қандай да бір заттың сан алуан түрлері болған. Олардың түрлік атауларының қалыптасуына әсер еткен факторлар әртүрлі. Солардың кейбіреулері атқаратын қызметіне, қолданатын уақытына, белгілі бір мақсат, ниетке, наным-сенімге, ырымға байланысты болып тұрақты сипат алып, тұтыну салтына айналады.

Аяқ білезік – 1) зарығып көрген баланың аяғына салатын білезік (бұл “темірдей мықты болсын” деген тілекті білдіреді); 2. аяғы ауыратын адамдардың ем үшін тағатын білезігі.

Құстұмсық жүзік – бір саусаққа салатын, үсті құс тұмсығы сияқты сүйір болып жасалған жүзік. Қазақ ұғымында құс – еркіндіктің, бақыттың символы. Бұрынғы салт бойынша, күйеуге ұзатылған қыз белгілі бір уақыттан кейін төркініне сәлемдеме жібереді екен. Сәлемдемеде ұзатылған қыз келін боп түскеннен кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен немесе басқа бір зат арқылы тұспалмен жеткізуі шарт болған. Осы салт бойынша, қыз сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сорайған ұзын және өте жіңішке, арық адамның бейнесі кестеленсе, оның жанында дөп-дөңгелек, жуан адам тұрпаты бейнеленсе, бұл белгіге қарап қыздың төркіні ұзатылған қызының “отырса опак, тұрса сопак” болған мүшкіл халін түсінген. Ал қыздан құсмұрын бейнесі салынған сәлемдеме, мысалы құстұмсық оюлы тұскиіз, басқұр сияқты зат немесе сәлемдеме ішінде құстұмсық жүзік болса ата-анасы қуанып, ауыл-аймағын шақырып, қуанышын атап өтуді әдет еткен екен [Ә. Тәжімұратов, 45 б.].

Әйелдерге арналған әсемдік бұйымдар алқа, белбеу, білезік, жүзік, күміс оймақ, сақина, сәукеле, сырға, түйме, түйреуіш, шашбау, шолпының дүниетанымдық және ментальдық этномәдени ерекшеліктері мол болған. Мәселен, шашбау мен шолпыны шатастыруға болмайды. Шашбауды келіншектер, шолпыны қыздар тағады. Себебі, шашбау – бұрым қос өрімге айналғанда оны біріктіру үшін тағылады. Демек, бүтіннің жартысы болғанның, әйелдіктің белгісі. Қыз балада бір ғана өрім болады да, ұшына шолпы таққан.

Қорытыта келе, халық мұрасын мәдениетін жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп білсек, «халықтық өнердің арғы негізінен қол үзбеді» біздің басты парызымыз деп білемін. Неге десеңіз, ол өнердің шын мәнісіндегі халықтағы ғана жақсы талғамның, өшпес өміршеңдіктің, әсемдіктің кепілі болып табылады. Сондықтан бүгінгі күнде қазақ тіліндегі қолөнерге қатысты қолданылатын атауларды жинау, реттеу, саралау күн тәртібіндегі елеулі мәселелердің бірі болмаса да, назар аудартуды, зерттеуді керек етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: “Ғылым”, 1991. – 89 б.
2. Ә. Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. - Алматы, 1977.
3. Манкеева Ж. М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері \ \ Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы, 1997. -235 б.
4. Қайырбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: Филол. ғыл. канд.дисс. - Алматы, 2004. - 135 б.
5. Манкеева Ж. М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. -356 б.